

**«БД020800-Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ідену үшін ұсынылған
Оспанов Ерболат Бериковичтың - «Х.А. Алпысбаевтың ғылыми ізденістеріндегі Қазақстанның тас ғасыры» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ШҚІРІ

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Оспанов Ерболат Бериковичтың - «Х.А. Алпысбаевтың ғылыми ізденістеріндегі Қазақстанның тас ғасыры» атты диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына және «Рухани жаңғыртуға» бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыста Қазақстандағы тас ғасырын зерттеудің негізін қалаушы Х.А. Алпысбаевтың биографиясы мен ғылыми ізденістерін қарастырған. 3) Е.Б. Оспановтың диссертациясы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен Ғылым дамуының 8-бағыты «Ғылым мен ғылым саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маныздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маныздылығы ашылған/ашылмаған.	Бүкіл саналы ғұмырын ғылымға арнаған тұлғалардың еңбегі мен өмірі кейінгі зерттеушілерге өнеге үлгі. Сондай тұлғалардың бірі Хасан Алпысбайұлы Алпысбаев - отандық археологиядағы ірі тұлға, ұстаз, ғылымды ұйымдастырушы әрі кәсіби маман. Саналы ғұмырын көне тарихты тануға арнаған Х.А. Алпысбаев тас ғасырын зерттеуге мол үлес қосты, соның ішінде отандық палеолиттану, мезолиттану және неолиттану салаларында өлшеусіз еңбек етті. Ол ондатан жылдар бойы археологиялық зерттеулер ұйымдастырып Қазақстан тарихының хронологиялық шекарасын тереңге жылжытты, манызды тарихи-археологиялық мәселелерді көтерді, ғылыми тұжырымдар жасады. Ізденуші Х.А. Алпысбаевтың жеке тұлғасын зерттеу барысында отандық және алыс жакын шетелдік мұрағат қорын барынша

			пайдаланған. Диссертацияны жазу барысында 1. ҚР ЖБҒК «Ғылым ордасы» архивіндегі Х.А. Алпысбаевтың жеке дербес №Ф81.ОП1 қоры. 2. РҒА Материалдық мәдениет тарихы институтының архиві. 3. Ә.Х. Марұлан атындағы Археология институтының архив материалдары пайдаланылған. Диссертациялық жұмыстың ғылымға елеулі үлес қосады, маныздылығы ашылған. 2.1. Қосады, маныздылығы ашылған
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Оспанов Ерболат Бериковичтың диссертациялық жұмысты жазу деңгейі жоғары. Ғылыми әдебиеттер мен мұрағаттық материалдар сараланып, талданып берілген. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. 3.1. Жазу деңгейі жоғары
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі келесі фактілермен айқындалған: Бірінші Х.А. Алпысбаевтың өмірімен шығармашылығына талдау жасау арқылы басқада ғалымдардың еңбектеріне сараптама жасалды. Екінші археология ғылымының қалыптасуы мен дамуына тоқталды. Үшінші Х.А. Алпысбаевтың ғылыми көзқарастарымен ой тұжырымдарын жан жақты ашып көрсетіп, ғалымның ғылыми жаңалықтарының қазіргі кезеңге дейін актуалдылығын айқындады. 4.1.1. Жоғарыдағы келтірілген фактілерге қарай отырып диссертация өзектілігі негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен тақырыбы толық ашылған. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Барлық бөлімдер бір бірімен логикалық байланыстырылған тақырыптың мақсаты мен міндетін ашады. Ғылыми жаңалығы мен жасалынған тұжырымдары жұмыста нақты айқындалып көрініс тапқан. 4.2.1. айқындайды
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсатымен міндеттері зерттеу тақырыбын сәйкес келеді. Диссертант ғалым Х.А. Алпысбаевтың археологиялық ізденістерін, ғылыми-педагогикалық қызметін кешенді әрі жүйелі түрде зерттеу жүргізген. Диссертант жұмысты жазу барысында алынған қойған міндеттердің барлығын өз деңгейінде жеткізген. Х.А. Алпысбаевтың

	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	биографиясына ғылыми ізденістері мен педогогикалық қызметіне тоқталып өткен. Сонымен қатар Х.А. Алпысбаев жайлы көпшілікке беймәлім тұстарын ашып көрсете алған. Алғашқылардың бірі болып Хасан Алпысбаев жайлы оның Костенки-стрелецкая мәдениетіне қосқан үлесі жайлы және ғылымының Ерте темір және петроглифтер зерттеулеріне тоқталып Х.А. Алпысбаевты көпшілікке тек қана тас ғасыры кезең археологы емес, басқа да дәуірлер ескерткіштерінде зерттеу жұмыстарын жүргізген кәсіби археолог ретінде көрсете алды. Сондай-ақ Х.А. Алпысбаевтың ашқан ескерткіштерінің әлде де алыс жақын шетел ғалымдарының тараптынан зерттеліп жатқаны жайлы деректермен бөлісті. 4.3.1 Сәйкес келеді Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен байланысқан. Диссертант жұмысты жазу барысында әр бөлім мен тараушаларға қорытынды жасаған. Ғылымын еңбектері мен мұрағат құжаттарын жіктеп, тарихнамалық материалдарды да топтарға бөліп сарптаған. Жұмысты орындау барысында мұрағат деректері мен зерттеу еңбектеріндегі Х.А. Алпысбаевтың ой-тұжырымдарын сыни талдаудан өткізу арқылы, өзара сабақтастықты бұзбай пайдалануға ұмтылыс жасалған. Диссертант тарихи фактілерге негізделген ойларды өз жұмысында тұжырымдап, мазмұнды баындаған. Нақты материалдарды өңдеу және талдау сәттерінде методологиялық әдіс-тәсілдерді қолданған. Тақырыптың ерекшелігіне байланысты тарихи-биографиялық әдіс кенінен қолданылған.
5. Ғылыми жанашылдық принципі	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидастар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидастар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ғылыми нәтижелер мен пікірлер толығымен жаңа деп бағалауға болады. Х.А. Алпысбаевтың дүниеге келген сәтінен бастап, алғашқы білім алған университеті менгальм ретінде қалыптасқан ортасы мен ұстаздары, ғылыми қызметі мен ғылымының ғылыми мұрасы алғашқы рет кеннен ашылып зерттелген. Х.А. Алпысбаевтың өмір жолы мен ғылыми қызметі бойынша диссертациялық жұмыстың әрбір бөлімі бойынша мұқият, тианақты жұмыс байқалады. Қолданылған деректер мен ұсыныстар тәжірибелік маньзаға ие. Зерттеудің жүйелік сипаты, теориялық сұрақтар мен

	табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)	тәжірибелік нәтижелердің байланыстылығы диссертация қорытындыларының ғылыми-әдістемелік негізделуі айқын, шынайылық дәрежесі жоғары, жана ақпараттар қарастырылған.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе? 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)	Диссертациялық жұмыс «61020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған және гуманитарлық бағыт бойынша әзірленгендіктен, техникалық, технологиялық, басқару шешімдерін талқылауды мақсат етпейді.
6.	Негізгі қорытындыларды негізділігі	Диссертациялық жұмыста көрсетілген барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағида	Зерттеу жұмысын жазу барысында ғылыми мәселені қоя білген. 1-қағида бойынша диссертациялық жұмыста Х.А. Алпысбаевтың өмірі жайлы тоқталып алғашқылардың бірі болып болашақ ғалымның Ташкент қаласында Орталық Азия университетіндегі білім алу барысы жайлы тоқталып қана қоймай, М.Е. Массон, А.П. Окладниковтар ғалымға археолог ретінде қалыптасуындағы өзіндік рөлін көрсете білді. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағида
	7.1 Қағида дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жана ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кен 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	7.3. Қағида
		7.4. Қолдану деңгейі кен 7.5. ия 2-қағида бойынша алғашқылардың бірі болып Х.А. Алпысбаевтың кандидаты қорғауы жайлы бізге беймәлім тарихи деректерді ұсынып ғылыми айналымға енгізе білді. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағида
		7.4. Қолдану деңгейі кен 7.5. ия 3- қағида бойынша Хасан Алпысбаевтың көстөңки-стрелецкая археологиялық мәдениетін ерекшеліктерін айқындап берген ізденістеріне баға береді.

		7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Кағидастар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі орташа 4-кағида бойынша Х.А. Алпысбаевтың өз замандағы ашуларына тоқтала отырып ғылымның ой-тұжырмадары мен концептуалды ойларына ғылыми-аналитикалық талдаулар жүргізді, Еуразия аумағындағы палеолиттік мәдениеттер бойынша нақты тұжырамындар жасады, олардың Орталық Азия аумағындағы палеолиттік нысандармен ұқсастығы немесе өзіндік ерекшеліктері жайында тоқталды. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Кағидастар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә 5- кағида бойынша ұйымдастырушылық қабілетіне оның алғашқы ғылыми ашылымдарына анализ жасай отырып Хасан Алпысбаевты көпшілікке тек қана тас ғасыры маманы емес сондай-ақ ғылымның жартастағы суреттер мен ерте темір, қола дәуірі ескерткіштерінде жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижелерін сараптай білді. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Кағидастар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә 6- кағида бойынша Х.А. Алпысбаевтың әл-Фраби атындағы Қазақ Ұлттық университетіндегі педагогикалық қызметіне тоқталған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Кағидастар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. жоқ 7- кағида бойынша Х.А. Алпысбаевтың палеолит, мезолит және неолит ескерткіштеріндегі зерттеу жұмысы жайлы хронологиялық тұрғыда тоқтала келе, қаратау жотасы тас ғасырының үлкен ошақтарының бірі екенін дәлелдей білді. Х.А. Алпысбаевтың Қаратау жотасындағы ашулардың негізінде еліміздің тас ғасыры кезеңіне өзге ғылымдарда қызығушылық тудырттып қана қоймай оның даму түсуіне алып келді. 7.1. Дәлелденді
--	--	---

		7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидағтар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кен 7.5. Ия 8- қағидаға Х.А. Алпысбаев ашқан палеолиттік Бөріқазған, Тәңірқазған, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тұрақ, неолиттік Қарауңгір секілі оңдаған ескерткіштердің материалдарының ежелгі Қазақстан тарихының беттерін елестету мүмкін емес. Заманауи зерттеушілер оның ғылыми ізденістерінен аттап кете алмайды. Мұның өзі Х.А.Алпысбаев ғылыми мұрасы өзектілігін мүлдем жоғалтпағандығын нақты көрсеті. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидағтар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кен 7.5. Ия
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ Қойылған міндеттерді шешу үшін диссертацияда жалпы ғылыми және арнайы тарихи әдіснама қолданылып негізделген. Диссертацияны жазу кезінде тарихи үрдістері құбылыстарды зерттейтін тарихилық қағидасына және ғылыми талдаудың объективтілігіне сүйенген. Салыстырмалы, тарихи-генетикалық, тарихи-типологиялық талдау әдістерін қолдану арқылы жүргізілген. 1. ия.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ 8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен	Диссертациялық зерттеу жұмысы жеке туғанын өмірі мен ғылыми қызметіне арналғандықтан, тақырыптың спецификалық ерекшелігіне сай компьютерлік технологиялар қолданылмаған. 2. Жоқ Зерттеу жұмысында теориялық қортындылар, тұжырымдар және ұсыныстар нақты материалдарға ғалымдардың пікіріне сүйене отырып дәлелденген және расталған.

	дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	1. ия;
	8.4 Маньязды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сиптемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде диссертациялық жұмыстың маньязды мәлімдемелерін растайтын РҒА ММТИ Мұрағаты, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Мұрағаты құжаттары, ҚР ЖБҒК «Ғылым ордасы» архивіндегі Х.А. Алпысбаевтың жеке дербес №Ф81.ОП1 қоры. диссертациялық жұмыстар, арнайы тақырыптық зерттеулер, ТМД елдерінің ғалымдарының зерттеулері, мерзімді баспасөздер секілді көптеген сенімді деректер мен тиісті ғылыми әдебиеттер қарастырылған.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 187 библиографиялық сипаттамадан тұрады. Тақырыпқа сай мұрағат материалдары, диссертациялық жұмыстар, отандық және шетелдік ғылыми мақалалар тізімі ұсынылған.
9	Практикалық құндылық принципі	Иә, диссертацияның теориялық маньяздылығы бар Х.А. Алпысбаевтың өмірі мен ғылыми қызметін зерттеудің негізгі мазмұны толық ашылған және алдына қойылған мақсат-міндеттері орындалған. Диссертациялық зерттеудің барысында пайдаланылған теориялық-методологиялық ұстанымдары мен принциптері келешекте басқа да зерттеу жұмыстарында пайдалануға болады.
	9.1 Диссертацияның теориялық маньязы бар: 1) ия; 2) жоқ	1. Иә
	9.2 Диссертацияның практикалық маньязы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының нәтижелерін практикада қолдануға болады. Зерттеудің нысаны қазақ археологиясының қалыптасуына үлкен негіз болған, атақты ғалым зерттеуші – Х.А. Алпысбаевтың өмірі және елімізде археология ғылымының қалыптасуына, дамуына, оның өзекті мәселелерін шешуге арнаған ой-пікірлері, қол жеткен нәтижелері мен қалдырған мол ғылыми мұрасы – мақалалары, монографиялары, қолжазбалары және ғалым туралы жазылған мақалалар болғандықтан, диссертациядағы материалдарды студенттер мен магистранттарды оқытканда да және арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізгенде де пайдалануға болады. Сонымен қатар, болашақта тұлға тарихын зерттеуге талаптанған жас мамандар өз жұмыстарында пайдалануына мүмкіндік бар.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып	1. Иә Зерттеу жұмысының Практикалық ұсыныстар жартылай жана жана

	табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	болып табылады. 2. жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);
10. Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Жұмысты академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертациялық жұмыстың құрылымы талаптар бойынша онтайлы жүйеленген. Бөлімдер мен тараулар ұтымды пропорция бойынша жіктелген. Кіріспе мен қорытынды бөлім мазмұны, көлемі тұрғысынан негізді әрі дәйектілікпен жазылған. Әдебиеттердің пайдаланылуы, ғылыми мақалалар мен диссертациялық зерттеу қортындылары сауатты, орынды, орнықты және нағымды келтірілген. Кемшіліктер. Диссертация мәнінде ұсақ кемшіліктер кездеседі. Олардың қатарында біртеп орфографиялық кателіктер, 26 бетте екі түрлі сілтеме үлгісі жазылып кеткен.

Оспанов Ерболат Бериковичтың «Х.А. Апысбаевтың ғылыми ізденістеріндегі Қазақстанның тас ғасыры» тақырыбында дайындалған диссертациясы ҚР Ғылым және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларына толық сәйкес келеді деп есептеймін. Сондықтанда, «БД020800-Археология және этнология» мамандығы бойына философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді ұсынамын.

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантка диссертация қорғауға дейін келінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент: Шоша Ахмет
Шоша Ахметовтың Дәулеткерейұлы Мәжіліс
Қазақстанның профессоры, т.ғ.ғ.д.
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)

Шоша Ахмет
(қолы) РАСТАЙМЫН: (қолы)
Қ.А. Ясауи атындағы
Қазақстан Республикасының
Ғылым және Ғылым сапасын
қамтамасыз ету комитеті
Басқару бөлімі



Шоша Ахмет
(Аты-жөні)